

Қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті ғалым, академик
М.О. Әуезовтің 125-жылдығына арналған

«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ»

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 29 қыркүйек 2022 жыл

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
М 11

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө.Әбдиманұлы**

Жауапты шығарушылар:
А.Б. Темірболат, Л.А. Мекебаева, Г.Ж. Болатова

М 11 **М.О. Әуезовтің 125-жылдығына арналған «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 29 қыркүйек 2022 жыл / Жауапты шығарушылар: А.Б. Темірболат, Л.А. Мекебаева, Г.Ж. Болатова – Алматы: Қазақ университеті, 2022 – 222 б.
ISBN 978-601-04-6107-9

Жинақ қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті ғалым, академик М.О. Әуезовтің 125-жылдығына орай шығарылды. Ғалымның қайраткерлік келбетін, азаматтық тұлғасын және зерделі зерттеушілігін танытуға арналған жинаққа белгілі қоғам және өнер қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдар мен жас буын зерттеушілердің еңбектері енгізілген.

Ғылыми жинақ әдебиеттанушы мамандарға, жоғары оқу орындары студенттері мен магистранттарына, ізденушілер мен жас қаламгерлерге, қалың көпшілікке арналған.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

Джакыпбекова М.Т.,

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

Кыяхметова Ш. А.,

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

Мырзабек Н.Ж.,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің магистранты

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Өткен тарихи кезеңдердегі халқымыздың заттық және рухани мәдениет лексикасын, рухани-мәдени жүйесінің болмысы мен жаратылысын «Абай жолы» романының тілдік деректері арқылы тану – тіл біліміндегі өркенді арна. Бұл жөнінде ғалым Р.Сыздықова: «Этнографиялық жеке зат, құбылыс, іс-әрекет, сын-сипат атауларын беруде жас жазушы Мұхтар Әуезов өте ұқыптылық пен ізденімпаздық танытқан және мұны көркем шығарма шарттарының бірі деп ұққан. М.Әуезов қолданған этнографизмдердің термин деп тапқандарының едәуір мол тізімі Е.Жанпейісовтің «Этнокультурная лексика казахского языка» (1989) деген кітабында «Қосымша (приложение)» деп берілген. Әрине, бұлардың барлығын зерттеушінің түгел түсіндіріп, мағынасын ашып, түптөркінін көрсетуі мүмкін емес болғаны аян. Оның үстіне бұл еңбектерде Е.Жанпейісов этнографиялық атаулардың көркемдік-стильдік қызметін көрсетуді міндетіне алмаған. Сондықтан талдауға ілікпегендерін теріп алып, лексикалық-этимологиялық ізденістерді жалғастыру – ғылым үшін де, таным үшін де қажет қарекет болмақ» [1, 24], – деп жазады.

Халқымыздың этностық, ұлттық мәдениетінің тірегі тілімізде этнографизмдердің бойында сақталған. Шығармадағы этнографизмдердің танымдық тұрғыдан зерттелуі оқырманның шығарманы түсінуі мен толыққанды қабылдауына мүмкіндік береді. Ұмыт болған салт-дәстүрлеріміздің тарихына үңілу олардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейтуге жол ашады. Этнографизмдер – тек мәдениетті танытып қана қоймай, мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш.

Қазақ тілі сөздігінде бұл сөзге «Мәдениет – адамзаттың өндірістік, қоғамдық және ақыл-ой жетістігінің жиынтығы» [2, 456], – деген анықтама берілсе, ғалым А.Сейдімбектің бұл сөзге берген анықтамасы да жоғарыдағы пікірге ұқсас. Ғалым: «Мәдениет – адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терін тудырған жетістіктердің бәрін қамтиды» [3, 14], – деп жазады. Бұдан түсінетініміз «мәдениет» деп халықтың бұл өмірде әрбір жасап жатқан дүниесі мен тіршілік әрекетіндегі табыстарының өркендеуін, яғни алға басуын атайды.

Ғалым А.Сейдімбек өзінің «Қазақ әлемі» еңбегінде мәдениетке берілген анықтамалардың бәрі оның біртұтас болмысын танытып қана қоймай, бұл ұғымның әр түрлі қатынастар жүйесінде көрініс табатынын жазады. Одан әрі ғалым «мәдениет» туралы ойын былайша санамалап тұжырымдайды:

«1. Мәдениет дегеніміз – қоғам өмірінің дара бөлігі немесе оқшау саласы емес, керісінше, сол қоғам өмірінің біртұтас калпындағы мәнді бейнесі;

2. Мәдениет адам қызметінің тәсілі мен нәтижесі арқылы көрініс табады;

3. Мәдениет – материалдық өндіріс пен қоғамдық сананың, білім мен тәрбиенің, ғылым мен өнердің белгілі сатыдағы даму дәрежесін бейнелейді;

4. Мәдениет арқылы этностың тарихи, мекендік, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық болмыс-бейнесі көрініс табады және кез келген мәдениетті қоғам осы талаптардың мүлтіксіз жүзеге асу тетіктерін заң жүзінде қамтамасыз етуі керек» [4, 70].

Байқап отырғанымыздай, мәдениет ұғымы ғылымның қай саласында болмасын, ең бірінші, адамның қоғамдық ортадағы өмірін, кемелденген ақыл-ойы мен рухани және материалдық табысқа жеткен үлкен еңбегін білдіреді. Енді мәдениетті таныту мен жеткізудегі тілдің қызметіне тоқталсақ.

Мәдениет – өзінің қалыптасу және даму тарихымен, ғасырлар бойы бойына жинақтаған мәдени деректері мен кез келген ғылым саласында өзінің нақтылығымен ерекше мәнге ие. Осындай мәнге ие мәдени мазмұндарын тек ана тілдің көмегі арқылы сыртқа шығаруы және сол арқылы мәдениеттің әлемдік сипатқа ие болуы тілдің қызметімен тығыз байланысты екені айдан анық жайт. Яғни тіл мен мәдениетті бір-бірімен қатар дамытын, біріне-бірі тәуелді болуымен ұлттың ұлттық ерекшеліктерін танытатын белгілердің көрсеткіші десек те болады.

Ана тілінің бар байлығының ерекше бір бөлігін қамтитын және халықтың өткен кезеңдегі тарихынан, тұрмыстық өмірінен мол ақпарат беретін этнографизмдерді танымдық тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі зор. Себебі, этнографизмдер – тілдік байлығымыздың негізгі арнасының бірі болып табылады. Қазіргі күні қолданысымызда сирек кездесетін немесе ұмыт болған этноатаулардың астарына үңіліп, мағынасын аша білу – ұлтымыздың мәдениеті мен болмысын танытудың бір жолы. Бұл этноатаулар қазіргі таңда жиі қолданылмауы немесе қолданыста болған күннің өзінде бастапқы мағынасынан мүлде басқа мәнде қолданылуы мүмкін, алайда аталмыш сөздердің көп бөлігі бүгінгі таңда диалектілік лексикада, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрамында немесе ауыз әдебиеті үлгілілері мен көркем шығармалардың тілінде сақталынып, бізге жетіп отыр.

«Тіл – адамға қызмет етеді, ал адам үшін ең басты нәрсе, өзі танылған заттық не құбылыстық белгіге атау беру.


Заттар мен құбылыстардың белгілеріне атау, есім беру халықтың танымымен, ой-санасының өсуімен, ұлттық психология мен менталитетіне байланысты анықталады» [5, 11-15].

Сонымен, тіліміздегі әрбір сөз, соның ішінде этнографизмдер адамзаттың дүниетанымы мен қоршаған ортасының тілдегі көрінісі болып табылады. Адам баласы өзі кәсіп етіп, көзбен көрген немесе танып-білген заттары мен құбылыстарына ғана ат қойып, оны өзге дүниелермен салыстыра алған. Яғни, біз бұдан әр атау мен зат не құбылыстың арасында ерекше байланыс барын түсінеміз.

Заттық мәдениетіміздің ерекше бір түрі – киім-кешек атаулары туралы ғалым С.Кенжеахметұлы өз еңбегінде ұлттық киімнің бай тарихи мұра, ал оны зерттеу дегеніміз – өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып пен салт-дәстүрден бөлек сол кезеңдегі халықтың хал-ахуалынан да хабар беретінін айтады. Сонымен қоса, ғалым қазақ халқының ұлттық киімдерінің басқа ұлттардан, тіпті түбі бір түркі халықтарынан да өзгеше болуын – қазақтың көшпелі тұрмысы мен кең байтақ далада еркін ғұмыр кешуімен байланыстырады [6, 344].

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы нақты, тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігінен хабар беретін энциклопедия ретінде сан алуан мәдени, саяси, тарихи т.б. ақпараттарға бай шығарма. Біз шығармада кездесетін киім-кешек атауларын мынадай лексикалық топтарға жіктеп қарастырдық:

Тірек сызба №1



Халқымыздың көнеден келе жатқан заттық этнографиялық атауларының ішінде қолөнер түрлерінің алар орны ерекше. Қазақтың қолөнерінің жақсы дамыған түрінің бірі – зергерлік өнер болып табылады. Аталмыш өнер түрінің тамыры тереңде екенін сан ғасырдан бері қазақ даласында алтын, күміс, мыс, қалайы және қорғасын секілді металл түрлері өндірілгені дәлел. Осы өндірілген металл түрлерін өңдеп, яғни соларды соғу, қалыпқа құю арқылы түрлі әшекейлер мен бұйымдар жасалған.

Қазақтың зергерлік өнерінің дамуына көне дәстүрлерді жалғастыру және көршілес елдер мәдениетінің өзара әсері де негіз болған. Мұны бұйымдардың жасалу технологиясы мен көркемдік ерекшеліктерінен аңғарамыз. Өзге халықтардан үйренген нақыш-бедерлер ұлттық эстетикалық талап-талғамға сай өзгеріске түсіп, көркемдік стильдің өзіндік ерекшеліктерін бұлжытпай сақтай отырып, бұйым жасау технологиясын түрлендіруге жағдай туғызды.

Ғалым Р.Шойбеков өзінің «Қазақ тіліндегі зергерлік өнерінің лексикасы» еңбегінде халқымыздың зергерлік өнері туралы кешенді зерттеу жүргізген. Ғалым аталған еңбегінде зергерлік өнерді халқымыздың кәсіптік өнерінің бір түрі ретінде қарастырып, оны халықтың рухани мәдениетімен, тарихымен байланыстыра зерттейді.

Жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы зергерлік өнердің алуан түрі көрініс тапқан. Біз жоғарыдағы тақырыптық және лексика-семантикалық топтастырулар негізінде көркем шығармадағы зергерлік атауларды екіге бөліп қарастырдық:

Тірек сызба №2



Қазіргі тіл ғылымы тілдің «қарым-қатынастың аса маңызды құралы» қызметімен қатар, танымдық қызметіне, мәдениеттің көрінісі қызметіне айрықша мән береді. Ақыл-парасат, сезім иесі ретіндегі саналы адамның ең басты қасиеті – өзін қоршаған ортаны танып-білуге деген ерекше күштарлығы. Дүниені танып-білудің негізінде зат, құбылыстардың адам санасында бейнеленуі жатады. Адам санасындағы заттар мен құбылыстардың бейнесі арқылы қабылданған ақыл-ой – ол заттардың өзі емес, солардың әсерінен пайда болған білім, ақпарат саналады. Мәдениет тілде таңбаланады дегенде, оның мәдени мазмұнды тілдік бірліктер арқылы, оның тілдік таңбалардағы көрінісін айтады.

Тіл белгілі этникалық ортаның мәдениетін таныту құралы, сол тіл мен мәдениет иесінің, этникалық тұлғаның, өзегін құрайды. Әр тілдік тұлға өзінің этникалық мәдениетін жеткізуші болып табылады, тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді.

Ұлттық мәдениет – дәстүрлі мәдениет. Ол азды-көпті «жаңғырғанымен», әр ұлттың өмір сүру ережелерінің жиынтығы, салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының көрінісі, мінез-құлық, адамгершілік нормаларының қоғамдық сана арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан заңдылықтары болып қала береді. Ұлт мәдениетсіз болмайды, ұлттық мәдениетті танытушы құрал Тіл екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Халық тарихының да, мәдениетінің де дамып қалыптасуы – ұшы-қиырсыз тарихи дәуірлердің түйіні. Тіл иесі өз тарихы мен мәдениетінің қалыптасып даму жолдарынан өту барысында әлеуметтік және табиғи ортада өмір сүрудің қыр-сырын үйренеді, әдістерін, амал-тәсілдерін ойлап табады. Бұлардың бәрі этникалық мәдениетті құрайды. Қай этностың да ақыл-ой санасының, дүниетанымының нәтижесі – материалдық және рухани мәдениеті оның тілінде көрініс табады дегенді белгілі тіл деректеріне сүйеніп айтады. Осындай тіл деректері қатарына халықтың этномәдени байлығын танытатын, ұлттық бояуы қалың да айшықты, ұлттық дүниетаным мазмұнды тіл бірліктері – этнографизмдер жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Көптомдық шығармалар жинағы: монография. А. Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі ин-ты. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 295 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / ҚР мәдениет және ақпарат м-гі, Тіл ком.; жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 965 б.
3. Сейдімбек А. Күй шежіре. – А.: Ғылым, 1997. – 227 б.
4. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1997. – 464 б.
5. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. Филол. ғыл. канд. ... дисс. 10.02.02. – Алматы, 1999. – 284 б.
6. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2013. – 384 б.
7. Әуезов М. Абай жолы. Роман – эпопея. 1-4 том. adebiportal.kz.